



Мектеп бітіруші түлектердің өмірінің маңызды бір бөлігіне айналған ҮБТ биыл 14-ші рет өткізілді. Жалпы, тестілеу жүйесі ең алғаш елімізде 2004 жылы енгізілді. Орта мектепті бітірушілердің білім деңгейін анықтайтын тестілеу түлектерге жоғарғы оқу орнына түсуге мүмкіндік сыйлайды. Жыл сайын дүйім жұртты дүр-ліктіретін, аз-кем өзгерістер енгізіліп отыратын аталмыш тест айналасындағы у-шу әлі күнге дейін басылған емес. Ел есінде қызша киініп тест тапсырған жігіттің оқиғасы ерекше қалған болуы керек.

Биылғы тестілеуде астаналық түлек су құйылған ботелкенің сыртына химия формулаларын жазып алып кірген. Ал, былтыр дәретхана қағазына ұқсас «орама» шпаргалка және 11 метрлік шпормен ұсталғандар да жұртты танғалдырған еді. Мектептің үздігі сүрініп, үштікпен оқитыны университетке алған басып кіріп бара жатқанын да қордік. Солайша, біреулердің бағы жанып, студент атанса, білім бәсекесінде жолы болмағандар қапияда өз-өзін олімге итермелеп те жатты. Не нәрсенің де жақсылығы мен жамандығы қатар жүреді. Тіпті, қызық түстары да көп кездеседі. Интернет сайттарында қызылордалық түлек-тің дәл сынақ үстінде тікелей эфир-ге қосылғаны туралы ақпарат тарап- кетті. Мұны облыстық білім бас-қармасының басшысы да растады. Бізге біреудің күлгені, біреудің ісі маңызды емес. Ең бастысы – адам өмірі. Расын айтсақ, жана жүйе енгізілгені түлектер ҮБТ фобиясынан арылды. Аурудан

айықты. Тест-тен кейін де өмір бар екені, бұлтың артынан қуы шығатыны туралы жете түсінгендей. Әрине, бұл да болса олжа. Ойткені, биыл абырой болғанда облыс бойынша түлектерге қатысты елді есенгірететін оқиға тіркелмеді.

Биылғы ұлттық бірыңғай тестілеу-ге қатысу үшін мектеп бітірушілері 10 мамырға дейін тестілеу пункттеріне отініш білдіріп, кіруге рұқсат қағаздары таратылды. Ұлттық бірыңғай тестілеу 20-22 маусым аралығында өтті. Форматы сол калпында сақталған. Талапкер 5 пән бойынша, 3 пән міндетті: оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, тарих және талапкердің жоғары оқу орнына тапсыра-тын мамандығына байланысты 2 бейінді пән бойынша тапсырды. 5 пәннен 120 сұрақ беріліп, ең жоғарғы балл 140 болды. Шекті балл 50-ді құраса, ұлттық университеттерге түсу үшін 65-тен жоғары жинау қажет.

Облыста тестілеу өткен 9 пункт ережеге сәйкес қажетті құралдармен (рамалық детектор, қолда ұстайтын металл іздегіш, телефон дыбысын жоятын құрал) жабдыкталып, 107 аудитория әзірленді және де бейне-камера орнатылды. Сонымен қатар, облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесе отырып, барлық тестілеу пункттерінде арнайы болін-ген медициналық болмелерге дәрі-герлер мен мейірбикелер бекітілді. Аудиториялар салқындатқыш құрыл-ғыларымен жабдыкталған. Биылғы жылы ҚР Білім және ғылым министр-лігінің ұсынысына сәйкес тестілеу барысында онлайн трансляция жүргізілді. Кез келген ата-ана тестілеу пункттеріне бармай-ақ, балаларының тест тапсыру сәтін өз теле-фондарынан немесе компьютерлерінен бақылай алды. Осыған орай тестілеу пункттері қажетті жоғары жылдамдықтағы интернет желісімен жабдыкт-алып, тестілеу нәтижесін testcenter.kz сайтынан қорға алды және қуны бойы 88000807177 нөмірде call-center жұмыс істеді.

Елді мекендердегі талапкерлердің 1728-і (35,3%) тестілеу пунктіне тасымалд-анып, оларға тамақтану ұйымдастырылды. 50 шақырым қашықтықта орналасқан елді мекеннен келген 715 түлек (14,6%) жататын- орындармен қамтамасыз етілді. 3 күнге созылған тестілеуге облыс бойынша 7113 мектеп бітірушінің 4742-сі (66,6%): Арал ауданы – 451, Қазалы ауданы – 555, Қармақшы ауданы – 458, Жалағаш ауданы – 246, Сырдария ауданы – 216, Шиелі ауданы – 518, Жанакорған ауданы – 524, Қызылорда қаласы – 1670, №4 дарынды балаларға арналған мектеп-интернат – 29, №9 «Білім-инновация» мектеп-лицейі – 35, №10 «Білім-инновация» мектеп-лицейінен 40 бала қатысқан.

Апта басында облыстық білім басқармасының басшысы Майра Түрганбайқызының қатысуымен ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы бойынша брифинг өтті.

- Облыс бойынша ең жоғарғы 135 балл алған Қазалы ауданындағы 249 мектеп-лицейдің түлегі Еркін Рат және Қызылорда қаласының 15 мектеп-лицей түлегі Абылай Жалғасбай болып отыр. 100 және 100-ден жоғары балл жинағандар саны – 1131. Ал, шекті балды жинай алмағандар былтырғыға (102 бала) караганда, биыл көбейген (113 бала). Шекті деңгейден өтпеген балаларға тамыз айынд-а және 2019 жылдын кантар айынд-а ҮБТ-ны 2-ші рет акылы негізд-е кайта тапсыру мүм-кін-дігі беріліп отыр. Сонымен қатар, өткен жылға караганда, биылғы көр-сеткіш 10 балға жоғарылаган. Және де облыс бойынша орташа балл 86,1-ді құрап отыр, - деді бас педагог.

Үлттық бірыңғай тестілеу кезінде 429 вялы телефон, 167 шпаргалка, 8 калькулятор алынған. 93 талапкер апелляциялық комиссияға жүгініп, олардын 19-ын жергілікті комиссиядан республикалық апелляциялық комиссияға жіберді. Нәтижесінде техникалық кәтемен 44 балл және оқу сауаттылығы, математика, казак әдебие-ті, химия, география пәндері бойынша 17 балл қосылды. Тестілеу ережелерін бұзғаны үшін ауди-тория-дан шығарылған бала жоқ.

Осылайша, қаншама ата-ананы аландатып, түлектердін де түн ұйқысын ұрлаган ҮБТ аяқталды. Білім безбенінде кімнің жолы болатыны бел-гісіз. Бір білетініміз, шын мықты-ға тест те, басқасы да түсау болмақ емес. Су нәр берген қына атты осімдік те тасты жарып оспей ме? Ендеше, таби-ғат заңдылығына кім қарсы келсін?

Облыс бойынша ҮБТ нәтижесі:

(орташа балл)

Арал ауданы – 85,2 балл;

Казалы ауданы – 82,7 балл;

Кармакшы ауданы – 83,6 балл;

Жалагаш ауданы – 87,4 балл;

Сырдария ауданы – 85,2 балл;

Шиелі ауданы – 81,4 балл;

Жанакорган ауданы – 79,7 балл;

Кызылорда каласы – 90,9 балл;

№9 БИЛ – 95,5 балл;

№10 БИЛ – 100,3 балл;

№4 ОДМИ – 103,2 балл.

Тогжан □ ҮБАЙДІЛДАКЫЗЫ,

Коркыт □ ата □ атындагы

КМУ-дын 2-курс студенти